іс электронды түрде қаралған

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

13 қараша 2025 жыл іс №7527-25-00-2/15103 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрелік етуші судья А.Б.Нурбеков, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады, онда:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық клиникалық аурухана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Әлайдар Қымбат Нұрқасымқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық клиникалық аурухана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талабы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Әлайдар Қымбат Нұрқасымқызы (ЖСН 960410400480) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Әлайдар Қымбат Нұрқасымқызынан (ЖСН 960410400480) мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарылған сотқа өзі шешімнің көшірмесін алған кезден бастап бес жұмыс күн ішінде бұл шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар бұл шешімнің күшін жою арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал арыз берілген жағдайда - бірінші сатыдағы сот арызды канағаттандырудан бас тартқан кезден бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотына осы сот арқылы шағым немесе прокурор өтінішхат келтіре алады.

Шешім түпкілікті нысанда 13 қараша 2025 жылы шығарылды.

Құжатқа қол қойылған: Нұрбеков А. Б., 13.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 22.12.2025, судья Нұрбеков А. Б., 23.02.2026
7527-25-3-1/17883

Судья **А. Б. Нурбеков**

Құжатқа қол қойылған: Нурбеков А. Б., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.12.2025, судья Нурбеков А. Б., 23.02.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»